

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ILUG7660>

***Ж. Т. Көлбаева¹, *Ф. Б. Шойбекова²,
Г. Қ. Абдирасилова³, Г. У. Анартаева⁴**

^{1,2,3}Қазақ ұлттық қыздар

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

⁴М. Әуезов атындағы

Оңтүстік Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-7870-4315>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9484-1318>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3240-6542>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-8788-0910>

*e-mail: shoibekova_gaziza@mail.ru

ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНДЕГІ ЕСІМШЕ, КӨСЕМШЕ ЖАЛҒАНҒАН ЕТІСТІКТЕРДІҢ ФОНО-МОРФО-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада Ясауи хикметтеріндегі есімше мен көсемше қосымшалары жалғанғаннан кейінгі етістіктердің фонетикалық өзгерісі, морфологиялық ерекшеліктері, соған сәйкес мағыналары диахрондық тұрғыда қарастырылады. Орта ғасыр ескерткіштерінің ішінде сопылық жанрда жазылған «Диуани Хикметтің» етістіктері сол кезеңдегі етістіктердің дыбыстық, құрылымдық, мағыналық қолданыстарын көрсетеді. Жалғанған есімше, көсемше жұрнақтары қимылдың әртүрлі сипатын, амал-тәсілдерін, мақсаттарын білдірумен қатар, есімше жұрнақтары жалғанған етістіктер есімнің қызметтерін де атқаратындығы көрсетілді.

Ясауи өмірі мен хикметтері, дүниетанымы, өмір туралы философиясы – адамзат баласымен бірге жасасатын, ескірмейтін тақырып. Себебі адамзаттың өз заманына лайықты дүниетанымы мен ұғым-түсініктері Ясауи хикметтерін жаңаша, заманына сай түсінуге алып келеді де, өзектілігін жоғалтпайды. Сондықтан да бұл тақырыптың әлемдік ғылымда зерттелуді тоқтамайтынын әдебиеттерге шолу көрсетіп отыр.

Ясауи хикметтерінде есімшенің барлық түрлері кездеспеді. Тек қазіргі -атын, -етін, -йтін тұлғаларының орнына есімшенің өзге нұсқалары қолданылғаны байқалады. Сонымен қатар есімше жалғанып есімденген сөздер есім сөздердің орнына жұмсалып, қызметінің түрленгенін көруге болады. Демек, есімше жұрнақтары жалғанып, морфологиялық тұлғалары өзгеріске түскен етістіктердің мағынасы затсымақтанып, заттану процестері жүргені мақалада мысалдар арқылы көрсетілді.

Есімшелі етістіктер сөйлем ішінде сөйлем мүшелерінің барлық қызметтерін атқарса, көсемше жалғанған етістіктер нысықтауыш және баяндауыш қызметтерін атқара алатындығы байқалды.

Кілтті сөздер: есімше, көсемше, етістік, Ясауи хикметтері, семантика, фоно-морфо-семантика

Кіріспе

Орта ғасыр классикалық туындылар дүниеге келген, түркі шығармашылығының өркендеген дәуірі болды. М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік», Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» туындылары бүгінгі күнге дейін түркі жұртының өмірімен, мәдениетімен, тілдік сипатымен, қоғамдық, әлеуметтік көзқарастарымен таныстырып, рухани азық болып келе жатыр. Әлем жұртшылығына өзінің өмірлік ұстанымдарымен, өмір сүру үлгісімен танымал болған Қожа Ахмет Ясауидің даналық кітабы «Диуани хикмет» орта ғасырдағы түркі тілінің сипатын көрсетеді. Себебі орта ғасырда схоластикалық ілім өте жоғары бағаланды. Осы кезеңде ақиқатты, шынайы білімді іздеген Ясауи хикметтері көп оқылып, кеңінен таралды. Сондықтан да етістіктердің ойды жеткізудегі рөлі ерекше болды. Етістіктерге жалғанған есімше, көсемше жұрнақтары негізгі іс-әрекетті білдіріп, қимылдың әртүрлі сипатын, амал-тәсілін, себебі мен мақсаттарын білдірсе, есімше де етістіктің, сосын есімдердің қызметтерін қатар атқаратындықтан, функционалды қызметтері жоғары бағаланады.

Сондықтан да Ясауи хикметтерінің етістіктерінің есімше және көсемше жалғанған тұлғалары зерттеу нысанына ілікті.

Материалдар мен әдістері

Мақаланың зерттеу материалы ретінде Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметінің» Самарқандағы Залеман нұсқасының мәтіні талдауға алынды. Р. Сыздықтың «Ясауи хикметтерінің тілі» еңбегіндегі фотонұсқалар пайдаланылды [1]. Мәтіндердің транскрипциясынан етістіктер жиналып, оларға жалғанған есімше және көсемше жұрнақтары анықталды. Есімше, көсемше жұрнақтарының дыбыстық өзгерістері мен морфологиялық өзгерістері, мағыналарындағы ерекшеліктер қарастырылды.

Есімше, көсемше жалғанған етістіктердің орта ғасырдағы қолданысы диахрондық аспектіде қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау

Орта ғасыр ескерткіштерінің тілі туралы А. М. Щербак, А. К. Боровков, Х. Нигматов, А. Наджип, Р. Сыздық, Б. Сағындықұлы, М. Сабыр, Ж. Отарбекова, Б. Сүйерқұл еңбектері Ясауи тілін зерттеуге арқау болды.

Ғылымның әртүрлі салаларында Ясауидің өмірі мен шығармашылығы тарихи, әдеби, тілдік тұрғыдан зерттелген, зерттелу үстінде. Бірақ ғылым салаларының көптүрлілігі мен сан салалығы зерттеудің жаңа қырларын ұсынады.

Ахмет Ясауи әлем мәдениетіне үлес қосқан тұлға ретінде дүниежүзі зерттеушілерінің үнемі назарында.

Әлемдік тіл білімінде түрік ғалымдарының ішінде К. Ерасланның [2], Р. Чақырдың [3], М. Ф. Көпрүлүзадениң [4] еңбектерін атауға болады. М. Ф. Көпрүлүзаде Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде қызмет етіп жүрген жылдары осы еңбекті жазып, түркі философының, тұлғасының дүниені тану, қабылдау және сол арқылы көрген-түйгенін хикмет түрінде шығарғанын аталған еңбекке сыйғыза білген.

Қазақ ғалымдарының ішінде импакт-факторы жоғары журналдарда зерттеулері жарық көрген авторлар да бар. Ж. Жакупов, Қ. Сарекенова, Ж. Аймұхамбет, Г. Сагидолда, Ж. Өмірбекова, М. Ахметовалардың «Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi's Diwani Hikmet: A Linguacultural Study» атты мақаласы «Eurasian Journal of Applied Linguistics» журналында жарық көрген [5]. Авторлар Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметіндегі» тілдік және мәдени кодтарға лингвомәдени зерттеу жүргізген. Өмір философиясы мен діни философияны жазып қалдырған Ахмет Ясауидің білімі мен білігі, қабылдауы тек сол кезеңдік қана емес, өмірлік философия екендігін көрсеткен.

Ж. А. Сүлейменова, Р. Абілхамитқызы, Б. Ә. Ысқақ, Б. С. Қорғанбековтің «Exploring Topics and Sentiment in the English Version of Yassawi's Divan-i Hikmet: A Text Mining Approach» атты мақалалары да орта ғасыр ескерткіштерін зерттеудің өзектілігін көрсетеді [6].

Н. Юлдаш пен А. Халдыбектің «The attribution of Wisdom to Prophets in Khaja Ahmad Yassawi's works» атты мақаласында Қожа Ахмет Ясауидің пайғамбарларға жазған хаттары туралы жазылған [7].

Ал Ош университетінің ғалымы Ш. И. Носиров жазған «The characteristics of the genre and style in the works of Yassawi» атты мақаласы да әлем филологиясында А. Ясауи еңбектерін зерттеу өзекті екенін көрсетеді [8].

Сонымен қатар Ж. Байымбетованың «Қ.А. Йассауидің «Диуани хикметіндегі» салт-сабақты етістіктер» секілді ғылыми мақалалар шоғырын да атап көрсетуімізге болады [9].

Қазақ ғылымында «Диуани Хикмет» ескерткіші туралы көптеген диссертациялар жазылған. А. К. Ахметбекованың «Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы» докторлық диссертациясы [10]; Р. Х. Абдірахмановтың «Қ.А. Ясауидің «Диуани хикмет» ескерткіші тіліндегі септік жалғауларының сипаты» атты кандидаттық диссертациясы [11]; А. А. Жолдасованың «Диуани хикмет» ескерткіші тілінің грамматикалық ерекшеліктері (тәуелдік, жіктік және көптік жалғауларының қолданылуы) кандидаттық диссертациясы [12] халқымыздың көне ескерткіштері, оның ішінде Ясауи бабамыздың мұрасын тарихи, мәдени, философиялық, діни, сопылық, филологиялық жақтан зерттеуге деген ұмтылыстарын байқатады.

Біздің зерттеу мақаламыз Қожа Ахмет Ясауидің туындысындағы есімше және көсемше жұрнақтарының етістікке жалғанғандағы фоно-морфо-семантикалық өзгерісіне арналады.

Қазақ тіліндегі етістікті зерттеуші ғалым Ы. Маманов 1) негізгі етістік, 2) функциялық етістік екі топқа бөліп қарастырады. Негізгі етістікке түбір етістіктерді: негізгі түбір, туынды түбір, кіріккен түбір, қос түбір, тіркесті түбір етістіктерді жатқызса, модификациялық етістіктерге етістерді, күйшейтпелі етістікті (дүркінділік мәнін беретін етістікті), күрделі етістіктерді жатқызады. Сонымен бірге осы топқа қимыл есімін: тұйық етістікті, -ғы тұлғалы қимыл есімін, -с тұлғалы қимыл есімін жатқызған болатын. Ал функциялық етістіктерді қимыл сын және қимыл үстеулі етістіктер деп бөліп, қимыл сын етістіктеріне өткен шақ есімшелі, болжалды есімшені, дағдылы есімшені, ниет есімшені, осы шақ есімшелі етістікті қарастырса, қимыл үстеулі етістіктерге өткен шақ көсемшені, келер шақ көсемшені, шартты рай тұлғасын, мақсатты көсемшені жатқызады [13].

Етістіктің ерекше түрлерінің ішіндегі ең көлемді және сан қырлы түрі – есімше. Есімше тұлғасы етістікке тән категория болғандықтан, қарым-қатынаста қимыл-әрекетті білдіретін тұлғаларға жалғана береді.

Ясауи хикметтеріндегі етістіктерге Ы. Маманов жүйелі түрде бөлген есімше түрлерінің біршамасы да жалғанған. Ясауи хикметтеріндегі етістіктерге есімшенің *-ар, -ер, -р -ұр, -үр, -йүр, -йұр* тұлғалары жалғанатыны зерттеу кезінде байқалды. Сонымен қатар есімше тұлғаларының түрлі морфтарының етістіктің соңғы дыбысының дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне байланысты жалғану жүйесі бар екені көрінді. Ясауи хикметтерінің тілін зерттеуші ғалым есімше тұлғаларының жалғануы буын үндестігіне бағынғанымен, ерін үндестігіне бағынбайтынын айтады. *-ар, -ер, -р -ұр, -үр, -йүр, -йұр* есімшелерінің *-ұр, -үр, -йүр, -йұр*

тұлғалары көне түркі ескерткіштері мен орта ғасыр ескерткіштерінде кездеседі. *Келур, турур, барур* т.б. Ал қазіргі түркі тілдерінде есімше тұлғалары ашық дауысты дыбыстар арқылы келетіндігін түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасында берілген есімше жұрнақтарынан көреміз. Ясауи хикметтерінің тілін зерттеуші ғалым кей хикметтерде толығымен есімшенің *-ар* тұлғасы қолданылса, енді бір хикметте бірыңғай *-ұр* тұлғасы жалғанғанын, екі фонетикалық варианттың бір хикметте қатар жалғана беретінін зерттеуінде жазады [14, 161-б.]. Осы қолданыстарға қарап, орта ғасырда екі вариант қатарынан қолданылған да, уақыт өте келе *-ұр* тұлғасының қолданылуы кеміген.

Ауыспалы келер шақ мағынасын беретін *-ар* тұлғасы жалғанған етістіктер Ясауи хикметтерінде өте көп кездеседі.

-ар: *Чықарса* көксідін һәр ләхза йаһу (6 а, 6). Өзіні шайх *етәр* күлбари хали, Йігірмә бешкә йетмәй маһу сали (7 б, 1–2). Насихатлар *қылар* пир-у жууаны, Өзі фәһм етмәгән йахшы йаманны (7 б, 3). ‘азазілнің худайым өзі *қаулар* (8 б, 12).

Сондай-ақ етістіктің ерекше категориясы саналатын есімшенің субстантивтенуге, адъективтенуге бейім екені белгілі. Мәтін ішінде субстантивтеніп келуі олардың бастауыш орнына жұмсалатынын көрсетсе, адъективтену процесінде анықтауыш қызметінде жұмсалып, заттың сынын, сапасын т.б. білдіреді. Ей көкүсү-и бәләнд ахиры бір күн *өләрің* бар (34 б, 12), *Өләр* уақытта мың бір атың сөзләб тұрсам (6 а, 3).

Байқап отырсақ, субстантивтену мен адъективтену процесіне ұшырайтын етістіктерге *-ар, -әр* жұрнақтары жалғанған.

Сонымен қатар төмендегі мысалдарға назар аударар болсақ, қыл көмекші етістігімен келген етістіктердің бәрі *-ұр* немесе *-ур* есімше тұлғасымен келген.

-әр: ‘алимларымыз өзә ‘илмін *угәр* (31 б, 5), дунйа малын алыб берсә тізгә *бүгәр* (31 б, 5), Чин ‘алимлар ‘илмы бірлә дүрләр *төгәр* (31 б, 7).

-ұр: Мурады ол *тұрұр* дидар-и аллаһу, Аны уирдні айтмаса ол йазуқ ермәс (9 б, 4). Мәні хикмәтләрім ‘аләмға дастан, Рухұм келсә *қылұр* сухбатны бустан (6 а, 9-10.).

-ұр: Йәнә ғаус-у ғийас алдыда хазир, Мурадыны *берұр* һәр күндә қадир (9а, 3). аят хадис ма’нысыға түрки *келұр* мууафиқ (32 а, 6), Қийаматта *көтәрұр* қырқ ишәкні йүкүні (32 а, 9).

-ур: не оқуса аны айтыб аны *қылур* (31 б, 10), ‘алим йүзі садик қылур чин ‘алимлар андағ *болур* дустларыма (31 б, 11), өзіні өзі білгән чин ‘алим болур (31 б, 12), оқы-у ‘алимлар ‘амал қылмай *қалурлар* (32 а, 8).

-ұр, -үр тұлғалы есімшелер қимыл мәнін білдіретін етістіктерге жалғанса, *-ар, -әр* тұлғалары жоғарыда айтып өткеніміздей есімденуге бейім тұрады.

Сонымен қатар Ясауи хикметтерінде *-йұр* тұлғалы есімше де қолданылады [1, 161-б.]. Мысалы: Хақ та'ала айұмас хақны сеугән ұйұмас, Ғәфилләрні хошламас нигә мұнча *ойұрсән* (87 б, 6-7), Ойғанибан Алла дегіл хасрәт бірлә Алла дегіл, Сан дәрд илә уа дегіл нигә мұнча *ойұрсән* (87 б, 9–10).

Болжалдық мән мен сол болжамға сену мағынасын білдіретін есімшенің *ермиш* деген көмекші етістігінің құрамындағы *-мыш*, *-миш* аффиксі – есімшенің бір жұрнағы. Сонымен қатар ермиш сөзі *-ар*, *-әр* есімше тұлғалы сөзбен тіркесіп келіп хикметтерде жұмсалады:

Йадын айтыб бағры бишіб ічі күйсә, Дәм ұрмаса сансыз ұчмах *ачар ермиш* (96 а, 6-7); Бұстандағы булбуллар дек уәлә болса, Сайраб шахлардын бұ шахға *қонар ермиш* (96 а, 10–11). Тігмәй шахы узрә түллүк алуан, Ниматларны пішкәнінә *көрәр ермиш* (96 б, 1).

-мыш, *-миш* тұлғасы мен *-ған*, *-ген* тұлғаларын бір-бірінің орнына қолдануға болады. Демек, олар бір-бірімен синонимдес *болар ермиш*, *болады екен*, *болмыш*, *болған* т.б. Дегенмен *-мыш*, *-миш* тұлғасы жіктелмейді, шақтық мағына жоқ. Ал *-ған* тұлғасы жіктеледі, сонымен бірге шақтық мағына бар. *-мыш*, *-миш* есімшесінің *-е*, *-ер* көмекші етістікке жалғануы түркі тілдерінің қарлұқ тобына, шығыстүркістандық ескеркіштерге тән. *Еркен*, *екен* деген көмекші етістіктің қыпшақ тілдеріне тән екенін ескерсек, Ясауи хикметтерінде өте сирек кездеседі.

-ған, *-ген* (*-қан*, *-кен*, *-гүн*) есімше тұлғасы жалғанған етістіктер:

Қуруб дамин кәззаблар кәни би пир, Тілі мәкр-у хилә *қылғаны* тасхир (7 б, 4–5). Мәнің хикмәтләрім пир-и забар даст, *Ешіткәнләр* болұр биһуш -у сәрмәст (8 б, 2–3). Ясауи сөзіні қадриға етің, Ғам 'ишқыдын барыб *тойғұнча* татың (9 б, 13). Мәні *айған* сөзүм һәр кім ешітсә, Оқуб ихласдін йахатқа бітсә (9 а, 7–8).

Ясауи хикметтерінде есімшенің *-ған* тұлғасы *-қан*, *-кән*, *-гүн*, *-гүн*, *-ген* тұлғаларында кездеседі. Бұған дәлел *тойғұнча*, *айған*, *чыққан*, *біткән* тұлғалары дәлел бола алады. Есімшенің *-кен* тұлғасының *е* көмекші етістігіне жалғанып, негізгі етістіктің құрамына кірігіп қолданылуы хикметтерде өте көп қолданылады:

Лүтф әйләсә йүз мың 'аси хәндан болұр, Назар тапған чарағ һәр кез *өчәрмукин* (22 б, 9-10). Шайтан лә'ин мәндін йырақ *қачар мукин* (23 а, 1). Ужудумдын бу 'ақбалар *көчәр мукин* (23 а, 5).

Егер етістіктерінің құрамын талдайтын болсақ, *өчәрмукин* – *өшер ме екен*, *қачар мукин* – *қашар ма екен*, *көчәр мукин* – *көшер ме екен*, *ічәрмукин* – *ішер ме екен*, *кечәр мукин* – *кешер ме екен*, *құчармукин* – *құшар ма екен*, *дегеймукин* – *дей ме екен* деген үш бірліктен күрделенген етістік жасалған. Бұл күрделі етістікте де *-ар* және *-кин* есімше тұлғалары бірі негізгі етістік құрамында, екіншісі көмекші етістік құрамында қатар келеді.

Есімшенің *-ған, -гән, -қан, -кән* тұлғалары жалғанған етістіктер субстантивтенеді, адъективтенеді, адвербиалданады. Бұл есімшелер жалғанған етістіктерге септік, тәуелдік, көптік жалғаулары жалғана алады.

Жандын кечіб ғауһар алған болур жанан (15 б, 13). Пир ешігін *йастанғанлар* мұрад тапар (22 а, 8), Би таһарат зикр *айткәнгә* лә'нат төгәр (50 б, 8).

Есімше тұлғалы етістіктер көптік, септік жалғауларын жалғап, зат есім, орнына жұмсалып тұр.

-с есімше жалғанған етістіктер:

-ар, -әр ... есімшенің болымсыз түрі -с болымсыз етістік жұрнағынан кейін жалғанады.

Мәні хикмәтләрім кәни хадис дүр, Кіші кім *фәһм қылмас* ол хабис дүр (6 а, 10–11). Мәнің хикмәтләрім надан *ешімтәс*, Уәли көңлі қара пәндимні *тұтмас* (7 а, 7–8). Аның шайтан лә'ин *тұтмас* йолыны (8 б, 9). Худа ол бәндәні арманда *қылмас*, Өзідін өзгәгә дәрманда *қылмас* (9 а, 13–14).

Ғалым Р. Сыздықтың пікірінше, «Ясауи тілінің Х–ХҮІІ ғасырлардағы Шығыс Түркістан жазбалары тілінен айырмашылығының бір тұсы көсемше, есімше тұлғаларының көрінісінде жақсы байқалады» [1, 165-б.].

Орта ғасыр ескерткіші Ясауи хикметтерінде *-ма, -мәк* тұлғалы келер шақ есімшелі етістіктер көп кездеседі. Келер шақ есімшенің *-мақ, -мәк* тұлғалары қимыл есімінің мағынасымен және функциясымен қатарласа жұмсалғандығын байқауға болады. Мысалы, Расул айды йа 'азра'ил қойғын мәні, Рахман игәм жан алмаққа йібәрді сәні (70 а, 8–10). // Расул айды йа 'азра'ил қойғын мәні, Рахман игәм *жан алу үшін* йібәрді сәні (70 а, 8–10). *жан алмаққа // жан алу үшін* деп ауыстыруға болады. Олай болса, қимыл есімі мен келер шақ есімше тұлғаларының бірінің орнына бірі қолданыла алатын жағдайы кездесетініне көз жеткіземіз. Мағыналары жағынан өзгеріс байқалмайды, тек ерекшелік етістіктің морфологиялық құрамында екені көрінеді.

-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек есімше жұрнағы жалғанған етістіктер Ясауи хикметтерінде кеңінен қолданылған: Тариқатны шауқы зауқы күймәк йанмақ, Хақдын өзгә бикәнә деб қайтіб *танмәк*. Йүз мың жафа тіксә *бойұн сұнмәк*, Бойын сұнмай надан бірлә йүрсә болмас (63 б, 2). Сізні бізні хақ йаратты та'ат үчүн, Нә бұл 'ажаб *ічмәк йәмәк* рахат үчүн (29 б, 6). Расул айды йа 'азра'ил қойғын мәні, Рахман игәм *жан алмаққа* йібәрді сәні (70 а, 8–9).

Ясауи хикметтерінде *-мақ, -мәк* тұлғалы *ічмәк йәмәк* және *күймәк йанмақ* секілді қос сөз жасауға қатысқан. Септік жалғауларын да қабылдағанын *алмаққа, йығламақны, жан бермақдын* деген мысалдар дәлелдейді.

-ғу, -гу есімше жұрнағы жалғанған етістіктер:

Нечча айтсам *ешитгучи* білген қані (15 б, 10). Ахир бір күн *көрсәтгусі* сәңә дидар (22 а, 11-12), Мәхмәр абәд *қалғусы* дұр сирры нигәнда (28 б, 2).

Ясауи хикметтерінде ауыспалы келер шақ есімшенің *-атын, -етін, -йтін* тұлғалары кездеспеді.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде етістіктің ерекше категориясы саналатын есімшенің аталған тұлғалардан басқа барлық түрі кездеседі. Есімше жұрнақтары жалғанған етістіктер есімденіп, есім сөздер атқаратын барлық қызметке жауап бере алады. Сонымен қатар есімшелі етістіктер негізгі қызметі баяндауыштық қызметінде де жұмсала алады. Қорытындылай келгенде, хикметтер тілінде кездесетін есімшелі етістіктер сөйлемде сөйлем мүшелерінің барлық қызметін атқара алады.

Ясауи хикметтерінде кездесетін көсемше тұлғалары. *Көсемше жұрнақтары жалғанған етістіктер:*

Ясауи хикметтеріндегі ең көп қолданылған көсемшенің түрі – *-ыб, -іб, -ұб, -үб, -уб, -б* жұрнақтары жалғанған етістіктер. Берілген тұлғалар арқылы құрамалас сөйлемнің бірінші компонентінде, күрделі етістіктің компоненттеріне жалғанған. Жай сөйлем құрамында кездесіп, қимыл-сын пысықтауыш қызметін атқарса, құрамалас сөйлем құрамында қимыл амалын білдіретін тұлға қызметін атқарады.

-ұб. Қанлар *йүтұб* ма'и табан болмайын му (113 б, 12). Күйә *болұб* халқа насих болмайын му (113 б, 7). Рийазатта қаттығ *тартыб* қанлар *йүтұб*, Мән дефтарі сәни сачтым мән-а (77 а, 4-5).

-үб. Пәртәу *көрүб* көр ічіндә ма'и табан (113 б, 11). Қанлар *төкүб* көзләріні ойғанләргә (114 а, 14). Бу йолларны көрмәй білмәй болмас *йүрүб* (27 б, 1).

-ыб. Хизмәт *қылыб* ерәнләрдің йолны сұрды (113 б, 14). Жаннә жангә жанан *қылыб* сеугәнләргә (114 а, 13). Заһир батин раушан қылыб бина қылұр (375 б).

-іб. Жанан айды жаны *беріб* та'ат қыл деб (114 а, 4). Сабр *ешитіб* көзләрінің оймайын му (114 а, 15). Қайда барса бойнын *игіб* йүрәр хақир (113 б, 2).

-б. Мәнің *ізілб* йығылмақны 'адәт қыл деб (114 а, 5). Йүз мың бәлә башыңа салсам та'ат қыл деб (114 а, 5). Дүния *ізілб* ахирәтні *ташлаб* өтүң (114 б, 7). Сахар уакты қолұм *баглаб* ду'а қылсам (13 а, 1).

-ыбан, -убан, -бан көсемшелері де хикметте аз да болса кездеседі. Чин 'ашиқлар саф саф *түрүб* сәләм қылғәй, Қудрат бірлә лүтф *әйләбән* жауап бергәй (36 а, 1–2). *Оқубан* ма'ны оқумас болур залим (30 б, 12). Көз йашыны *ақузубан* жала қылур (50 а, 14). Та'ала Алла 'ашиқларға берді 'ишқын, Шәкир *болұб өртәтибан* күйдүм (47 а, 11-12).

Түркітанушы ғалымдардың пікірінше, қазіргі -б көсемшесінің алғашқы нұсқасы -*бан* болған. Бұл пікір Ә. Нәжіптің «Гүлістан» шығармасының тілін зерттеген ғылыми еңбегінен алынды. Көсемшенің бұл түрі орта ғасыр ескерткіштерінде ғана емес, сонымен бірге көне түркі ескерткіштерден бастау алған. Тағы да Ә. Нәжіптің пікіріне сүйенсек, көсемшенің аталған тұлғасы қазіргі Шығыс Түркістанның ұйғыр ақындарында, дәлірек айтқанда, Қытай Халық Республикасының Шыңжаң ұйғыр автономиясы тұрғындарының тілінде қолданылады екен. -б көсемшесіне қарағанда, көсемшенің -*бан* тұлғасы жіктелмейді.

Сонымен бірге «Гүлістан» шығармасында *де-* етістігіне -*у*, -*йу* тұлғалы көсемше жұрнағы жалғанғаны Ешик бегләр отурма ол себеб ден көрүнмесүн *дейу* мен еки ‘айыб деген мысал арқылы көрсетіледі. Ясауи хикметінде осыған ұқсас мысал кездесті. Мухаббатны оты бірлә қайнаб ташған, Мәнһәм тақи Алла *дейуб* барғұм келүр (53 б, 8).

Бізге осы жерде бір нәрсе түсініксіз: өзге көсемше қосымшасының үстіне -б көсемшесі жалғана ала ма? Жоқ әлде бұл текстологиялық техникалық қателік пе? Егер хикметте мұндай көріністер көп болмаса (бір-ақ жерде кездесіп тұр) кездейсоқ тілдік құбылыс деп қарауға болады. Тіпті ғалым Р. Сыздықтың хикметтегі кейбір тілдік өзгерістерді «көшірушілердің қолы дағдылы тұлғаға барып қалып отыруы әбден мүмкін, өйткені қолжазбаның 13-бетінің 6-жолында *ағузубан* деген жазуды көшірушінің жол қиығына (полясына) *ағузуб* деп түзеткені көрініп тұрғанымен» байланыстыруы түрлі техникалық қателердің болатынынан хабар береді [1, 160-б.].

Зерттеу барысында *де* етістігінің морфологиялық, дыбыстық ерекшелігі мен мағынасына мынадай талдау жасадық. Дейур етістігі, біздің түсінігімізде, *де* етістігі мен *ер* (еді, екен етістігінің түбірі *ер+ті*) етістігінің бірігуінен жасалған. Й ортасындағы дәнекер дыбыс болуы мүмкін.

Демек, өзге тілдерде, әсіресе оғыз, қарлұқ тобындағы тілдерде й арқылы байланыстын екі етістіктің қатар келуі көбірек кездеседі.

Әлде ерті етістігі емес, есімше болуы мүмкін.

Немесе ерті есімше қосымшасы болуы мүмкін.

Ескерткіш тілінде көсемшенің болымсыз түрі -*майын*, -*мейін* тұлғасы кездеседі. Хан-у мәнін сарф етмәйін көрмәс дидар (74 б, 3), Қызыл йүзні за’фаран дек *сарғайтмайын* йетмәс, ‘ашиқ мұрадығә жан тартмайын Адһам сифат ма сиуаны *тәрк етмәйін* (86 а, 7–9). Өзге түркі ескерткіштері тілімен салыстырғанда, мысалы, қолымызда бар, «Гүлістан», «Мухаббат-наме», «Хұсрау мен Шырын» ескерткіштерінде кездесетін -*матын*, -*мадын* тұлғалары хикметтерде кездеспейді.

-*а*, -*е*, -*й*, -*ә* көсемше жұрнақтары жалғанған етістіктер. Көсемшенің бұл жұрнақтары келер шақ мағынасында жұмсалады. Ясауи хикметтерінде

көсемшенің бұл жұрнақтары дара етістіктің құрамында, күрделі етістіктің бір компоненті сыңары ретінде, құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компоненттерінде кездеседі.

-й. Есіз ‘умрым хаққа *йанмай* бижа кетті, Мухаббатның жәмін ічмәй ‘умрыұм өтті. Кімгә айтыб кімгә *йығлай* уактым йетті, Нәдамәттә сач-у сақал *йұлмайын* му (112 а, 6–9).

-ә. Лүтф қарам мәңә қылды *біләлмәдім*, Тәубә қылыб дәрғәһыгә келәлмадым (112 б, 8-9). *Ічә* бердім мақдурымча құйа берді (45 а, 13), Құл Хожа Ахмәдіч-у ташым *күйә* берді (45 б, 1).

-а: Ерәнләрдің файз-у футух *алалмадым* (112 б, 10). *ічә* бердім мақдурымча *құйа* берді (45 а, 14), Зәкир құллар *айта-айта* шауқы артар (49 б, 13).

-геч *көсемше жұрнағы жалғанған етістік*:

Мансур келгеч дар егіліб өзі алды (57 б, 11). Зерттеушілер бұл тұлғаның қазіргі қазақ тіліндегі -гасын < ан+нан+соң/-гесін қосымшалы тұлғаға сәйкес келетіндігін айтады.

-ғалы, -гелі *аффиксті тұлға қимыл-әрекеттің орындалу-орындалмау мақсатын, мезгілін білдіреді*. Ясауиның тотысы пәруаз етәдүр *ұчғалы* (52 а, 5–6), Иғәм рахман ‘арз *еткәлі* келдүм мән-а (103 б, 4).

Етістіктің ерекше түрлері жалғанған етістіктердің шақ категориясымен тығыз байланысты екендігі етістіктің таза грамматикалық категорияларын талдау барысында байқалды. Демек, етістіктің шақ категориясына тоқталмай-ақ хикметте кездескен есімше, көсемше категорияларын талдауда аталған категорияның мәні ашылды деуге болады. Орта ғасыр ескерткіштері тілінде кездескен есімше мен көсемше жұрнақтарына талдау барысында қазіргі тілімізбен салыстырғанда талданған категориялар даму үстінде екенін көруге болады.

Қорытынды

Ясауи хикметтерінде кездесетін есімше және көсемше тұлғалары қазіргі қазақ тіліндегі есімше тұлғалары мен көсемше тұлғаларынан түрлері жағынан көбірек.

Қазіргі қазақ тілінде есімшенің 4 жұрнағы, үш жұрнақтан 11 морф тараған болса, орта ғасырда есімшенің 5 түрі 21 фонетикалық, морфологиялық өзгеріске ие морфы кездеседі. Демек, орта ғасырда олардың түбірге жалғануында әртүрлілік болғандықтан көп үлгілері болған. Қазір тілімізде қолданысы жинақталған, жүйеленген деп есептейміз. Сонымен қатар ескерткіште есімшенің -атын, -етін, -йтін тұлғалары мүлде кездеспеді.

Есімше жұрнақтары жалғанған етістіктер есімденіп, есім сөздер атқаратын барлық қызметке жауап бере алады. Сонымен қатар есімшелі етістіктер негізгі қызметі баяндауыштық қызметінде де жұмсала алады.

Қорытындылай келгенде, хикметтер тілінде кездесетін есімшелі етістіктер сөйлемде сөйлем мүшелерінің барлық қызметін атқара алады.

Ясауи хикметінде көсемшенің 4 түрі 17 морф түрінде кездеседі. Ал біздің қазақ тілінде 3 жұрнақ, 10 түрлі фонетикалық, морфологиялық өзгеріске ие морф бар. Көсемшенің де орта ғасырда кең қолданысқа ие болғанын көреміз.

Етістіктің ерекше түрлері жалғанған етістіктердің шақ категориясымен тығыз байланысты екендігі етістіктің таза грамматикалық категорияларын талдау барысында байқалды. Демек, етістіктің шақ категориясына тоқталмай-ақ, хикметте кездескен есімше, көсемше категорияларын талдауда аталған категорияның мәні ашылды деуге болады. Орта ғасыр ескерткіштері тілінде кездескен есімше мен көсемше жұрнақтарына талдау барысында қазіргі тілімізбен салыстырғанда талданған категориялар даму үстінде екенін көруге болады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Сыздықова, Р.** Ясауи хикметтерінің тілі [Мәтін]. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.

2 **Ераслан, К.** «Дивани Хикметтен» сечмелер [Мәтін]. – Ташкент : Фан, 1983. – 168-б.

3 **Чакыр, Р. Қ.** А. Яссауидің «Диуани хикмет» кітабының қазақ тіліндегі аудармалары және байланыстар проблемасы [Мәтін] : Филол. ғыл. канд. ...дисс. – Алматы, 1998. – 120-б.

4 **Көпрулұзаде, М. Ф.** Қожа Ахмет Ясауи. Танымы мен тағлымы [Мәтін]. – Шымкент : Арыс, 1999. – 122-б.

5 **Zhakupov, Zh, Sarekenova, K., Aimukhambet, Zh., Sagidolda, G., Omirbekova, Zh., Akhmetov, M., Tuyakbayeva, R.** Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi's Diwani Hikmet : A Linguacultural Study [Text] // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 9(3). – 2023. – P. 238–246 [Electronic resource]. – <https://ejal.info/menuscript/index.php/ejal/article/view/669/201>

6 **Suleimenova, Zh. A., Abilkhamitkyzy, R., Yskak, B. A., Korganbekov, B. S.** Exploring Topics and Sentiment in the English Version of Yassawi's Divan-i Hikmet : A Text Mining Approach [Text] – Theory and Practice in Language Studies. 2022, December. – Vol. 12. – P. 2678–2686 [Electronic resource]. – <https://tpls.academypublication.com/index.php/tpls/article/view/5117>.

7 **Yoldash, N., Khalidbek, A.** The attribution of Wisdom to Prophets in Khaja Ahmad Yassawi's works [Text] // Sprin Journal of Arts, Humanities and Social Sciences. August. – 2023. – 2(08). – P. 32–38. [Electronic resource]. – https://www.researchgate.net/publication/373077606_attribution_of_Wisdom_to_Prophets_in_Khaja_Ahmad_Yassawi's_works.

8 **Nosirov, Sh.** The characteristics of the genre and style in the works of Yassawi [Text] [Electronic resource]. – <https://www.bulletennauki.com>. Bulletin of Science and Practice. Т. 7. – № 2. – 2021. – Р. 427–429.

9 **Байымбетова, Ж. Қ.** А. Ыассаuidiң «Диуани хикметіндегі» салт-сабақты етістіктер [Мәтін] // I Дүниежүзілік түркологиялық конгресс материалдары. – Ташкент, 2002. – 32-б.

10 **Ахметбекова, А. К.** Қожа Ахмет Ыасауи шығармашылығы [Мәтін]: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. 10.01.03. – Алматы, 1995. – 28-б.

11 **Абдірахманов, Р. Х. Қ.** А. Ясаuidiң «Диуани хикмет» ескерткіші тіліндегі септік жалғауларының сипаты [Мәтін] : филол. ғыл. канд. дисс. 10.02.06 – Алматы, 2000. – 126-б.

12 **Жолдасова, А. А.** «Диуани хикмет» ескерткіші тілінің грамматикалық ерекшеліктері (тәуелдік, жіктік және көптік жалғауларының қолданылуы) [Мәтін]: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. 10.02.06 – Алматы, 2009. – 24-б.

13 **Маманов, Ы.** Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін]. – Алматы. Арыс, 2007. – 488-б.

14 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис [Мәтін]. – Астана : Полиграф, 2002. – 784-б.

References

1 **Syzdykova, R.** Yasawi xikmetterinin tili [The language of Yasawi wisdom] [Text]. – Almaty : Sozdik-Slovar, 2004. – 552 p.

2 **Eraslan, K.** «Divani Hikmetten» sechmeler [Excerpts from «Divani Hikmet»] [Text]. – Tashkent: Fan, 1983. – 168 p.

3 **Chaky'r, R. Q.** A. Yassauidin «Diwani hikmet» kitabynyn qazaq tilindegi audarmalary zhane bailanystar problemasy [Translations of Yassawi's book «Diwani Hikmet» in Kazakh language and the problem of connections] [Text]: Filol. gyl. kand. ...diss. [dissertation of the candidate of philological sciences] – Almaty, 1998. – 120 p.

4 **Kopruluzade, M. F.** Qozha Ahmet Yasawi. Tanymy men taglymy [Translations of Yassawi's book «Diwani Hikmet» in Khoja Ahmet Yasawi. Knowledge and education] [Text]. – Shymkent : Arys, 1999. – 122 p.

5 **Zhakupov, Zh, Sarekenova, K., Aimukhambet, Zh., Sagidolda, G, Omirbekova, Zh, Akhmetov, M., Tuyakbayeva, R.** Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi's Diwani Hikmet: A Linguacultural Study [Text] Eurasian Journal of Applied Linguistics. – 9(3) 2023. – P. 238–246, [Electronic resource]. <https://ejal.info/menuscript/index.php/ejal/article/view/669/201>

6 **Suleimenova, Zh. A., Abilkhamitkyzy, R., Yskak, B. A., Korganbekov, B. S.** Exploring Topics and Sentiment in the English Version of

Yassawis Divan-i Hikmet: A Text Mining Approach [Text] – Theory and Practice in Language Studies. – 2022, December. – Vol. 12. – P. 2678–2686 [Electronic resource]. – <https://tpls.academypublication.com/index.php/tpls/article/view/5117>.

7 **Yoldash, N., Khalidbek, A.** The attribution of Wisdom to Prophets in Khaja Ahmad Yassawi's works [Text] // Sprin Journal of Arts, Humanities and Social Sciences. – August 2023. – 2(08). – P. 32–38. [Electronic resource]. – https://www.researchgate.net/publication/373077606_attribution_of_Wisdom_to_Prophets_in_Khaja_Ahmad_Yassawi's_works.

8 **Nosirov, Sh.** The characteristics of the genre and style in the works of Yassawi [Text] // Bulletin of Science and Practice. – T. 7. – № 2. – 2021. – P. 427–429. [Electronic resource]. – <https://www.bulletennauki.com>.

9 **Bajy'mbetova, Zh. Q. A.** Jassauidyn «Diواني hikmetindegi» salt-sabaqty etistikter [Verbs in Yassawi's Diواني Hikmat] [Text] // I Duniezhuzilik turkologiyalyq kongress materialdary [Proceedings of the 1st World Turkological Congress]. – Tashkent, 2002. – 32 p.

10 **Ahmetbekova, A. K.** Qozha Ahmet Jasawi shygarmashylygy [The creativity of Khoja Ahmet Yasawi] [Text]: filol. gyl. kand. diss. avtoref. [abstract of the dissertation of the candidate of philological sciences] 10.01.03. – Almaty, 1995. – 28 p.

11 **Abdirahmanov, R. X. Q. A.** Yasauidin «Diواني hikmet» eskertkishi tilindegi septik zhalgaularynyn sipaty [K. A. Character of adverbs in the language of Yasawi's «Diواني Hikmet» monument] [Text]: filol. gyl. kand. diss. [dissertation of the candidate of philological sciences] 10.02.06 – Almaty, 2000. – 126 p.

12 **Zholdasova, A. A.** «Diواني hikmet» eskertkishi tilinin grammatikalyq erekshelekteri (tauldik, zhiktik zhane koptik zhalgaularynyn qoldanylyuy) [Grammatical features of the language of the «Diواني Hikmet» monument (use of subjunctive, partitive and plural conjunctions)] [Text]: filol. gyl. kand. diss. avtoref. [abstract of the dissertation of the candidate of philological sciences] 10.02.06 – Almaty, 2009. – 24 p.

13 **Mamanov, Y.** Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh language education] [Text]. – Almaty: Arys, 2007. – 488 p.

14 **Qazaq grammatikasy'. Fonetika, sozhasam, morfologiya, sintaksis** [Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax] [Text]. – Astana : Poligraf, 2002. – 784 p.

11.01.25 ж. баспаға түсті.

03.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. Т. Копбаева¹, *Г. Б. Шойбекова²,

Г. К. Абдирасилова³, Г. У. Анартаева⁴

^{1,2,3}Казахский национальный

женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы;

⁴Южно-Казахстанский университет

имени М. Ауэзова,

Республика Казахстан, г. Шымкент.

Поступило в редакцию 11.01.25.

Поступило с исправлениями 03.04.25.

Принято в печать 25.11.25.

ФОНО-МОРФО-СЕМАНТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ПРИЧАСТИЙ И ДЕЕПРИЧАСТИЙ ГЛАГОЛОВ В ХИКМЕТАХ ЯСАУИ

В статье в диахроническом плане рассматриваются фонетические изменения, морфологические особенности и соответствующие значения глаголов причастий и деепричастий в хикметах Ясауи. Среди памятников средневековья глаголы «Дивани Хикмет», написанные в суфийском жанре, демонстрируют звуковое, структурное и семантическое употребление глаголов того периода. Показано, что помимо причастий, выражающих различный характер, способы и цели действий, глаголы выполняют также функции существительных.

Жизнь и мудрость Ясауи, мировоззрение, философия жизни – вневременная тема, созданная вместе с человечеством. Это происходит потому, что мировоззрение и концепции человечества, соответствующие своему времени, приводят к новому пониманию мудрости Ясауи, в соответствии со временем, и не теряют своей актуальности. Именно поэтому обзор литературы показывает, что данная тема не перестает изучаться в мировой науке.

Не все типы причастий встречаются в хикметах Ясауи. Замечено, что вместо нынешних -атын, -етін, -йтін употребляются другие варианты причастий. При этом можно видеть, что слова, которые добавленные суффиксы причастий, используются вместо существительных и изменяется их функция. Поэтому в статье на примерах показано значение глаголов, у которых добавлены морфологические признаки и суффиксы причастий, значение глаголов и процессы материализации.

Было замечено, что причастия выполняют в предложении все функции членов предложения, а деепричастия могут выполнять функции определителей и повествователей.

Ключевые слова: причастие, деепричастие, глагол, хикметы Ясауи, семантика, фоно-морфо-семантика.

**Zh. T. Kopbayeva¹, *G. B. Shoibekova²,*

G. K. Abdirassilova³, G. U. Anartaeva⁴

^{1,2,3}Kazakh National Women's

Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

⁴South Kazakhstan University

named after M. Auezov,

Republic of Kazakhstan, Shymkent.

Received 11.01.25.

Received in revised form 03.04.25.

Accepted for publication 25.11.25.

THE PHONO-MORPHO-SEMANTIC CHARACTERISTICS OF PARTICIPLES AND ADVERBIAL PARTICIPLES OF VERBS IN THE YASAWI'S HIKMET

In the article, phonetic changes, morphological features, and corresponding meanings of verbs after the addition of participles and adverbial participles in Yasawi's hikmet are considered in diachronic terms. Among the monuments of the Middle Ages, the verbs of «Diwani Hikmet» written in the Sufi genre show the sound, structural, and semantic uses of verbs in that period. It was shown that in addition to participles and adverbial participles expressing different nature, methods, and goals of actions, verbs also perform the functions of nouns.

Yasawi's life and wisdom, worldview, philosophy of life is a timeless theme created together with the human race. This is because the worldview and concepts of humanity suitable for their time lead to a new understanding of Yasawi's hikmet, in accordance with the times, and do not lose their relevance. That is why the review of the literature shows that this topic does not stop being studied in world science.

Not all types of participles were found in Yasawi's hikmet. It is noticed that other versions of the participle are used instead of the present-day -atin, -etin, -itin. At the same time, it is possible to see that the words named after participles are used instead of nouns and their function is changed.

Therefore, the meaning of the verbs whose morphological characters have been added and the participles have been added, the meaning of the verbs, and the processes of materialization, have been shown in the article by means of examples.

It was observed that participles perform all the functions of the members of the sentence in the sentence, while adverbial participles can perform the functions of modifiers and narrators.

Keywords: participle, adverbial participle, verb, Yasawi's hikmet, semantics, phono-morpho-semantics.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz